



«Бекітемін»

«Атырау облыстық қан орталығы»

ШЖҚ КМК-ның директоры

Ж.Бахонов

Атырау қаласы.

**«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қоғамдық жария талқылау өткізу туралы хаттамасы.**

Төраға:

С.Г Жолдыбаев

Қатысқандар, жұмыс тобының мүшелері:

А.А Зиманова- кәсіподақ төрайымы;

С.Аймуханова – материалдық есепші;

Т.Ж Губайдуллина – бас мейірбике;

М.У Шаймарданова- заңгер-комплаенс-офицер;

Бөлім меңгерушілері, аға медбикелер;

#### Күн тәртібі:

**«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ны бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы бойынша қоғамдық жария талқылау;**

Толық атауы: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» Шаруашылық Жүргізу Құқығындағы Коммуналдық Мемлекеттік Кәсіпорын.  
Қызметкерлер саны - 90 (дәрігерлер-12, орта буын қызметкерлер- 47, кіші буын қызметкерлер 9, әкімшілік және шаруашылық қызметкерлері – 18, қоса қызмет атқаратын қызметкерлер- 4).

Төраға: директордың медицина жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі С.Г Жолдыбаев.

Қатысқандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Ә.А Зиманова – Кәсіподақ төрайымы, дәрігер трансфузиолог;

А.А Арыстанбаева – персоналды басқару маманы;

С.Аймуханова- материалдық есепші;

Т.Ж Губайдуллина –бас мейірбике;

М.Шаймарданова- заңгер;

Бөлім меңгерушілер, аға мейірбикелер;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Өткен 2025 жылғы 01 сәуірінен 2026 жылғы 31 наурыз аралығында қабылданған қан орталығының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Рұқсат ету функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

6. Бақылау функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

7. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде туындайтын басқа да мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

8. Қаржы- шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

М. Шаймарданова:

Сөз сөйлеу барысында орталықтың комплаенс-офицері М.Шаймарданова атап өтті: 2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл үлгілік базалық бағыттың төртінші жобалар тобын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 2026 жылдың 17 сәуірдегі №128 бұйрықты орындау үшін өткізілген іс шараның нәтижелерін жария талқылау көзделгенін атап өтті.

Талдамалық анықтаманың алдын ала жобасы бойынша қатысушылар тыңдалды, олардың тарапынан ұсыныстармен толықтырулар түспеді.

Бұдан басқа, Атырау облыстық қан орталығының қызметкерлері, сондай-ақ жұртшылық тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға қатысты ұсыныстар түскен жоқ.

Осыған байланысты қатысушылар жұмыс тобының мүшелері, орталықтың бөлім меңгерушілері, аға медбикелер талдамалық анықтаманың алдын ала жобасы бойынша өз пікірлерін білдірді, егер ескертулер мен ұсыныстар болса онда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Соңында комплаенс офицер М.Шаймарданова сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталмағанын жария талқылаудың қортындысын шығарды.

Талдамалық анықтаманың ақпараты шынайылық пен объективтілікке күмән туғызбайды, ешқандай тікелей және айқын тәуекелдер туғызбайды, сондай-ақ бұзушылықтар анықталған жоқ. Шаралар қабылдауға негіз жоқ. Бұл ретте қан орталығы қызметінің жекелеген бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалып, талқыланды.

**Топ жетекшісі С.Г Жолдыбаев:**

Осыған байланысты талдамалық анықтамаға толықтыру жоқ екенін атап өтті, бірақ қандай құжаттарға сілтеме жасап отырғанымызды толықтыруды ұсынды.

Басқа қатысушылардан ұсыныстар түспеді, барлығы жобамен келісетінін айтты.

**Отырыс қорытындысы:**

Соңында комплаенс-офицер М. Шаймарданова қоғамдық жария талқылауды қорытындылады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде нормативтік-құқықтық актілерді бұзушылықтар анықталған жоқ. Атырау облыстық қан орталығының қызметкерлері мен жұртшылық тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға қатысты ұсыныс түспегенін атап өтті.

Ұсынымдары бар талдамалық анықтамаға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қол қойылады. Талдамалық анықтамаға қол қойылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлетінінде атап өтті.

*Шаймарданова*